



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Сенім грамоталарын қабылдады

Ақордада 10 мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

Сенім грамоталарын Куба елшісі Оскар Сантана Леон (резиденциясы Нұр-Сұлтан қаласында), Бангладеш елшісі Камрул Ахсан, Доминикан Республикасының елшісі Франк Ганс Данненберг Кастельянос, Аргентина елшісі Эдуардо Антонио Зуайн, Перу елшісі Хуан Хенаро дель Кампо Родригес, Нигерия елшісі Якубу Сантураки Сулейман, Лаос елшісі Вилван Ииапохэ, Чад елшісі Адам Бешир Махамуд, Руанда елшісі Фиделис Нтампак Миронко, Бенин елшісі Акамби Андре Окуллола-Биау тапсырды.

Мемлекет басшысы елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми басталуымен құттықтап, еліміздегі игі міндеттерін орындау барысында оларға Президент Әкімшілігі мен Қазақстан Үкіметі тарапы жан-жақты қолдау көрсететінін және көмектесетінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде әлемнің соңғы отыз жыл ішінде ең күрделі геосаяси және геоэкономикалық ахуалды бастан өткеріп отырғанын айтты. Оның айтуынша, коронавирус пандемиясы елдеріміз үшін айтарлықтай сынақ болды. Сонымен қатар халықаралық қатынастардағы ахуалдың шиеленісуі әлемнің дамуына кері әсер етіп отыр.

Осыған байланысты Қазақстан Президенті қақтығыстардың БҰҰ Жарғысына сәйкес тезірек және әділ реттелетініне сенімді екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын атап өтті.

«Біз демократиялық өзгерістердің жаңа дәуіріне өткенімізді жариялап, мемлекеттік билікті бұрын-соңды болмаған орталықсыздандыруға, үйлесімді және тепе-теңдік жүйесін нығайтуға кірістік», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде шетелдік инвесторлар мен сауда жөніндегі серіктестердің Қазақстан экономикасына деген сенімін нығайтуға баса мән берілетініне тоқталды.

«Біздің Үкімет ұлттық экономиканың ашықтығына, келісімшарттарға қол сұғылмауына және жемқорлықпен аяусыз күреске бейілділігін сақтайды. Бұл реформалар халқымыздың тарихындағы бетбұрыс кезеңді білдіреді. Біз тұралап қалу емес, қарқынды даму жолын таңдаймыз», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент шын мәнінде бәсекеге қабілетті, демократиялық және әлеуметтік мемлекет құру үшін әлемнің барлық елімен өзара тиімді әрі достық қарым-қатынастарды нығайтуға ниетті екенімізді айтты.

Рәсім соңында Мемлекет басшысы дипломаттарға табыс тілеп, олардың мемлекеттерінің басшыларына жүрекжарды сәлемін жолдады. Сондай-ақ жиынға қатысушыларды қасиетті Рамазан айымен, Пасха мерекесімен және Лаос Жаңа жылымен құттықтады.



## Президент Amanat партиясын жандандыруды тапсырды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Amanat партиясының атқарушы хатшысы Асхат Ораловты қабылдады, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

Кездесу барысында Президентке кезектен тыс өткен XXII Съезде партияны жаңғырту жөнінде берген тапсырмаларының орындалуы жөнінде мағлұмат берілді.

Асхат Оралов партия Төрағасына Алматы, Шымкент қалаларындағы, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарындағы жұртшылықпен кездесулердің нәтижелері, сондай-ақ қоғамдық қабылдаулардың жұмыста-

ры жөнінде баяндады. Наурыз айынан бері Республикалық мобильді қоғамдық қабылдау тобы 6 өңірде, атап айтқанда Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында тұрғындармен кездесулер өткізді. Маусым айының соңына дейін елдің барлық өңірінде қабылдауларды жалғастыру жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек Amanat партиясының атқарушы хатшысы негізгі бағдарламалық құжаттарды, партия жанындағы қоғамдық кеңестердің қызметін, жергілікті жерлерде сайлауалды бағдарламаның орындалуын тексеруді, бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жандандыру, сондай-ақ «Ашық пар-

тия» тұжырымдамасы аясында «Talqylau» диалог алаңының іске қосылғаны жөнінде баяндады.

Президент халықпен кері байланыс жасау ісін күшейту, аймақтарда депутаттық фракциялардың тиімділігін арттыру және партияның жастар қанатын жаңғырту қажеттігіне баса мән берді.

Мемлекет басшысы азаматтарды толғандырған мәселелерді шешу үшін Amanat партиясында барлық қажетті ресурс бар екенін атап өтті. Президенттің пікірінше, партияның аймақтық филиалдары осы мәселеде негізгі рөл атқаруға тиіс және өз деңгейінде мазмұнды қоғамдық диалогты нығайтуы қажет.

Республикалық бюджеттің кірісі 2022 жылы 10,2 трлн теңге көлемінде бағаланады. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында республикалық бюджетті талқылау кезінде Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы Тимур Жақсылықов мәлім етті, деп хабарлайды Egeмен.kz

ративтік табыс салығы бойынша күтілуде», деді Т.Жақсылықов.

Оның айтуынша, Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшері 4 трлн 030 млрд теңгеге дейін немесе 1 трлн 630 млрд теңгеге ұлғайтылады.

«Қаражат Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асыруға бағытталатын бола-

сты 10,2% құрайды. Республикалық бюджеттің шығыстарын түзетілген көлемге қатысты 2,7 трлн теңгеге ұлғайта отырып, 18,8 трлн теңге көлемінде айқындау ұсынылады», деді ол.

«Қорытындылай келе, 2022-2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы шеңберінде 2022 жылға арналған макрокөрсет-

## Биыл бюджеттің кірісі артады

«Түзетілген макроэкономикалық болжамның негізінде бюджет кірістері бойынша болжам нақтыланды. Республикалық бюджеттің кірісі 2022 жылы 10,2 трлн теңге көлемінде бағаланады, бұл бекітілген жоспардан 955 млрд теңгеге жоғары. Кірістер бойынша негізгі өсім мұнайға болжамды бағаның ұлғаюы және АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруі аясында баж мөлшерлемесінің артуы есебінен мұнайға экспорттық кедендік баж тұрғысында, сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштердің өсуі есебінен корпо-



ды. 2022 жылы бюджет тапшылығын 2 трлн 978 млрд теңге немесе жалпы ішкі өнімге қатысты 3,3% деңгейінде айқындау ұсынылады. 2022 жылы мұнай емес тапшылықтың деңгейі бағалау бойынша жалпы ішкі өнімге қаты-

кіштер мен бюджеттік параметрлердің болжамын нақтылау, бірінші кезекте Мемлекет басшысының тапсырмалары мен қабылданып жатқан шғыл және жүйелік сипаттағы құжаттардың негізгі бағыттарын іске асыруға бағытталған», деді Тимур Жақсылықов.

Бұдан бұрын хабарланғандай, 2022 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер мен бюджеттік параметрлер болжамын нақтылау енгізіліп отыр.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## Мұғалімдердің жалақысы 790 мың теңгеге дейін көтеріледі

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Атырау, Маңғыстау, Алматы және Түркістан облыстарына басқа өңірлерден баратын мұғалімдер екі есе жоғары жалақы алатынын айтты, деп хабарлайды Egeмен.kz.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов педагогтерді әлеуметтік қолдау бағдарламасы биылғы қыркүйек айынан басталатынын айтты.

«Қарастырылып отырған 3,9 млрд теңге екі мәселені де қамтып отыр. Біріншіден, мұғалімдердің екі есе жалақы алуы және бұған қоса тұрғын үй жалдау мен коммуналдық шығындарды төлеу ескерілген. Неге біз бұл мәселені жалақының ішінде қарастырып отырмыз? Біздің

заңнамаға сәйкес, тұрғын үй жалдау мен коммуналдық төлемақыны тек жергілікті бюджеттен бере аламыз. Сондықтан жергілікті бюджетке ауырпалық түсірмеу үшін және заңнаманы бұзбау үшін бұл мәселені жалақы арқылы шешіп отырмыз. Мәселен, Мұнайлы ауданына көшіп баратын мұғалім қыркүйек айында жалақы алатын болса, онда оның жалақысы 790 мың теңгеге жуық болады. Сол 790 мыңның 140 мыңға жуығы коммуналдық шығындар болады, ал 650 мың теңгеге жуығы - мұғалімнің өз жалақысы», деді министр.

Министрдің айтуынша, бұл мәселе ведомствоның бұйрығында және мұғалімнің алған түбіртегінде жазылатынын атап өтті.

## Жергілікті атқарушы және өкілетті билік органдары

Аудандық және қалалық мәслихаттардағы сайлаудың мажоритарлық жүйесін және барлық деңгейдегі облыстық мәслихаттардағы сайлаудың аралас жүйесін (пропорционалды-мажоритарлық - 50/50) және императивті мандатты енгізу

Мәслихат төрағасы қызметін енгізу

Президент облыс өкімі қызметін тағайындауға мәслихаттардың келісімін алуы үшін баламалы негізде кемінде екі үміткер ұсынады

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының экономикалық дербестігін нығайту

Әкімдер мен әкім орынбасарларының партия филиалдарында қызмет атқаруына заңнамалық тұрғыдан тыйым салу

Әкімдер орынбасарларының санына шектеу (үштен көп емес, өрекше жағдайларда – төрт)

## Отыз екі жастағы профессор



Қоңырқұлжаева Марал Нұрланқызы, біздің жерлесіміз, Жартытөбе ауылына қарасты Аққолтық елді мекенінде 1990 жылы 14 желтоқсанда дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері, елімізге өте сыйлы болған Өтжан атамның немересі. Марал Алматы қаласы №123 мектеп гимназиясында оқыды, яғни 2004-2008 жылдары Алматы қалалық дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы гимназиясын жақсы деңгейде бітірді. 2008 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің механика-математика факультетіне түсіп, 2012 жылы үздік тәмамдап, бітіреді. Мамандығы математикалық және компьютерлік модельдеу. 2012-2014 жылдарында Қазақ Ұлттық университеті механика-математика факультетінің магистранты, одан кейінгі жылдары докторанты... Сол жылдардан бастап Марал сіңіліңіз математика ғылымына ден қойып, осы бағытта ғылыми еңбек жаса бастайды. Математика ғылымдарының кандидаты, одан кейін еңбектерін тереңдете

түсіп, математика ғылымдарының докторы дәрежесіне қол жеткізеді. Білім мен ғылым инемен құндық қазғандай демекші, тынымсыз еңбек, ғылымға деген сауат, төзім, табандылық ақылды, жас Марал қызды елге танытты. Білімнің күрделі салаларының бірі Математика бағытында Марал Нұрланқызы табанды еңбек етіп, болашақ ұрпаққа өз еңбек қолтаңбасын қалдыруда деуге келеді. Бүгінгі таңда Марал қыз Алматы қаласында тұрады, жан-ялы, жолдасы да өзі секілді ғылым жолында. Қазақ Ұлттық университетінде экономика және бизнес факультетінің белді қызметкері. Марал өзі 2014 жылдан бастап осы күнге дейін Халықаралық Ақпараттық технологиялар университетінде «Математика және компьютерлік модельдендіру» кафедрасында Ассистент-профессор болып қызмет етуде. PhD математика докторы. Данияр, Әдел есімді ұл қыздың асыл анасы. Жастайынан білім мен ғылымға құштар болған Маралдың алдағы алар асулары әлі де көп дегім келеді. Жарайсың Марал қыз, білім, ғылым, отбасы, мәдениет, ұлттық мінез, тәрбие бәрін бір жүрегіңде, ақылыңда, санасыңда ұстап, дамытып, көрсете білген. Біз өзіңдей жерлесімізбен, ғалым қызымызбен мақтанамыз.

Бұл мақаланы жазуым, былғы оқу жылының соңында ауданымыздан жылдағыдай алты жүзден аса түлек мектеппен қоштасып, мамандық таңдап, жоғары білім алуға қанат қағады. Жас түлек мамандық таңдауда қателеспе! Білім мен ғылым асыл мұрат, мақсатқа жеткізеді. СӘТТІЛІК БАРША ЖАС ТҮЛЕК!

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## ОҚУШЫЛАР ОТЫРАРДА БОЛДЫ



Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен наурыз айының 16-жұлдызында өткен аудан әкімінің жастармен кездесуі барысында, аудан жастарын тарихи өңірлерді аралату және Ел

Президентінің мақаласында тапсырылған межелерді орындау мақсатында Отырар мемлекеттік археологиялық музей қорығы РМҚК облыс жастарына арнап, Арыстанбаб кесенесі-Отырартөбе қалажұрты Сапар орталығы

—Отырар музей бағыты бойынша тарихи орындармен танысу үшін А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектептің оқушылары экскурсияға барып қайтты.

**«Созақ үні» - ақпарат.**

## Тұран даласына күй шашу



Созақ ауданына Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі келіп, өз өнерлерін көрсетті. «Тұран даласына күй» шашу атты гострольдік сапар аясында Қаратау шертпе күй мектебі – Теріскей өңіріне тұңғыш ат басын бұрып отыр. Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі – халқымыздың музыкалық өнерін, музыкалық аспаптарын дәріптеп келе жатқан еліміздегі теңдесі жоқ музыкалық ұжым. 90 жылға жуық тарихында бұл ұжым ұлттық музыка мәдениетінің мақтанышына айналып келеді.

Созақтық өнер сүйер қауым осындай ұжымның талантты музыканттары Абылай Тілепберген, Жексен Айсының, жерлесіміз Жұбаныш Жексенұлы, қазақтың аяулы қызы – Жеңіс Ысқақова, Айнұр Әбілдаеваның әсем әуені мен әуезді күйлерін тыңдады. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков құттық сөз сөйлеп, жылы лебізін арнады.

«Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің бүгінгі өнері таланттар мекені Созаққа деген үлкен құрметі деп білемін. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов, «Созаққа барсаң күйшімін деме...» деп



жоғары баға берген. Қазақтың шерітпе күй тарихында Қаратау күйшілік мектебінің орны ерекше. Төлеген Момбеков, Генерал Асқаров, Жаппас Қаламбаев сынды талантты өкілдері, қазақ өнерінде есімі алтын әріппен жазылды. Қасиетті ораза айында көрермендерді әсем әуенімен тербегелі арнайы ат басын бұрған музыка ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Барлықтарыңыздың дендеріңізге саулық отбасыларыңызға амандық тілеймін», - деді аудан басшысы. Сондай-ақ, аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев талантты жерлесіміз, қазақ ән өнерінің шоқтығы биік тұлғасы Жұбаныш Жексенұлына Созақ ауданының құрметті азаматы төсбелгісін салтанатты түрде тапсырды.

Өнер ұжымы алдымен созақтық көрермен алдында Түркештің «Көңілашар» күйін тарту етті. Тыңдарманы ерекше сезімге бөлеген шығарма, көптің көңілінен шықты.

Жұбаныш Жексенұлы, Жеңіс Ысқақова, Айнұр Әбілдаева, әсем әнімен жырдан тарту тартты. Жаппас Қаламбаевтың қызы, Құндыз Қаламбаеваның өнеріне жерлестері ыстық ықыласын білдірді.

88 жылдық тарихы бар музыкалық ұжымның қоржынына әлемдік және қазақ әнінің мыңдаған шығармалары бар.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

# Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 14-15 сәуір аралығында Шу бойындағы ауылдарда халықпен есепті кездесулер өткізді

Жалпы 4 ауылдық округтерде өткен жиындарға 487 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары мен аудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары, БАҚ

өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков прокуратура, ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді.

Жеке қабылдауда 26 адам болды. Олар: жұмыссыздық, жер, тұрғын үй, байланыс (интернет), жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкес тиісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

## Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
<b>Шу ауылдық округі</b>			
1	Жайылымдағы мал ішетін артизан құдығын қазып берсеңіздер	Жайылымдарды суландыру бойынша мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, тиісті шараларды қабылдау. Мерзімі: Жыл ішінде	А.Сатыбалды, Д.Досымбеков Қ.Мейірманов
2	Мәдениет үйінің шатыры жөнделсе	Мерзімі: Жыл ішінде	Б.Айдарбеков, М.Ниязәліұлы, Д.Досымбеков
<b>Тасты ауылдық округі</b>			
1	Жайылымдағы мал ішетін артизан құдығын қазып берсеңіздер	Жайылымдарды суландыру бойынша мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, тиісті шараларды қабылдау. Мерзімі: Жыл ішінде	А.Сатыбалды, М.Тілеулинов Қ.Мейірманов
2	Тас төселмей қалған 4 көшеге (Наурыз, Сейфулин, Жібек жолы, Амангелді) тас төселсе	Мерзімі: Жыл ішінде	Б.Әлмағанбет, Д.Байзақов М.Тілеулинов
<b>Қыземшек кенті</b>			
1	Аудан орталығына шалғай орналасқан емханамызға, аурухана мәртебесі берілсе, анализ тапсыратын лаборатория ашылса, тіс дәрігері жұмыс жасаса екен	Облыстық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, тиісті шараларды атқару Мерзімі: 01.05.2022 жыл	Б.Айдарбеков, Б.Мырзагелдиев, (келісімі бойынша) Е.Жұмабаев
2	Жедел жәрдем шақыру үшін 103 – ке хабарлассақ Түркістан облысына түседі, осыны жергілікті жерге түсетін мәселесін шешу жолдары қарастырылса	Облыстық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, тиісті шараларды атқару Мерзімі: 01.05.2022 жыл	Б.Айдарбеков, Б.Мырзагелдиев, (келісімі бойынша) Е.Жұмабаев
3	Кентімізге жедел жәрдем көлігі берілсе	Облыстық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, тиісті шараларды атқару Мерзімі: 01.05.2022 жыл	Б.Айдарбеков, Б.Мырзагелдиев, (келісімі бойынша), Е.Жұмабаев
4	Кентімізден өріске шығатын малға артизан құдығы қазылып берілсе	Жайылымдарды суландыру бойынша мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, тиісті шараларды қабылдау. Мерзімі: Жыл ішінде	А.Сатыбалды, Е.Жұмабаев, Қ.Мейірманов
5	Тұқым түрлендіруге ірі қара малына субсидия берілсе	Мемлекеттік бағдарламалардың талаптарын түсіндіру Мерзімі: 1 мамыр 2022 жыл	А.Сатыбалды, Қ.Мейірманов Е.Жұмабаев
6	Көкорай, Таңбалытас, Саяжай көшелеріне асфальт төселсе	Мерзімі: Жыл ішінде	Б.Әлмағанбет, Д.Байзақов Е.Жұмабаев
<b>Жуантөбе ауылдық округі</b>			
1	Ауыл іргесіндегі біраз жерлер орман қоры жеріне өтіп кеткен, мал жаятын жер жоқ, осы мәселенің шешілуіне ықпал жасасаңыз	Комиссия құрып, заңға сәйкес анықтау Мерзімі: 20.05.2022 жыл	А.Сатыбалды, Ж.Әлімбаев, (келісімі бойынша) Д.Абраев
2	Мектептің жанынан аяқ жол салынып, автокөліктерге арнайы жол белгілері қойылса	Мерзімі: Жыл ішінде	Б.Әлмағанбет, Д.Байзақов Д.Абраев
3	Интернет байланысы өте баяу, жылдамдығы арттырылса	Мерзімі: Жыл ішінде	А.Сатыбалды, Ө.Дәулетбаев, Ж.Мұхымбеков (келісімі бойынша) Д.Абраев
4	Әйтеке би көшесіне асфальт төселсе	Мерзімі: Жыл ішінде	Б.Әлмағанбет, Д.Байзақов, Д.Абраев
5	Қазыбек би, Омарұлы, Жақсыбайұлы көшелерімен жауын шашын кезде жүру мүмкіншілігі болмауына байланысты тас төселсе	Мерзімі: Жыл ішінде	Б.Әлмағанбет, Д.Байзақов, Д.Абраев

Хан қазір өзінің сол күнгі қылығын ойлануда. Он алты жасымда Едігенің немересі Қазы биді өз қолымен бауыздағанда, он жеті жасымда аталас туысым, Дешті Қыпшақ ханы Жұмадүкті туған баласындай боп қолымда өскеніме қарамастан, жекпе-жекте шоқпармен ұрып өлтіргенде шімірікпеген басым, қастасқан жауым Жәнібекті қарақұстан сойылмен бір салы өтуге қалай жарамадым?. Кезі келгенде қандай құрбандыққа да болса бара алатын жүрегім, сол жолы қалай дауламады.

**Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан.**

Адамзат қоғамының өсіп-өзгеру негізінде бізге мәлім, немесе мәлім емес саңсыз идеялары мен тарихи тағылым қызметі жатыр.

Оның бәрін бүгінгі тарихнамада болып жатқан өзгерістер толық қамти алмайды. Өйткені тарихи ғылым өзгерістері анағұрлым терең де көп қырлы.

Сондықтан да тарихнама басым түрде саяси сипаттама алады.

Олай болса түрлі кезеңдерде тарихи зерттеулер мен ғылыми тәжіримедема-



Тарихи деректерде Тоқтамыс ханның әкесі Тайқожаны да, Едігенің әкесі Құтылы Қияны да, Орыс хан өз бұйрығын орындамағандары үшін, яғни Сарай қаласына жасамақ болған жорығына қол бермегені үшін өлтірген делінеді. Дай шешеннің туысы болып келетін, Құтылы Қияның бабалары өте батыр болған. Қайып жәртының ерліктеріне сүйсінген Шыңғыс хан өзінің жорықтарында сенімді серігі етіп, Жошы ұлысына бөлінгенге дейін оларды үнемі жанында ұстаған. Құтылы Қияның екі баласы болады, үлкені Иса, екіншісі Едіге (шын аты Құбақұл) кейбір деректерде Рахманберді деп те атайды. Екі баласы да Алтын Орда билігіне араласқан.

Ия, Орыс хан қаһарынан ығысқан Тоқтамыс та, Едіге де Самарқандқа қашып барып, Әмір-Темірді паналайды. Әмір-Темірдің көмегімен Орысхан ұрпақтарын жеңіп, Дешті Қыпшақтың билігін өз қолына алған Тоқтамыс, Арабшахтың айтуына қарағанда, Едігені сол қанаттың бас әмірінің бірі, әрі өзінің бас кеңесшісі етіп тағайындайды.

Дегенмен күншіл жандар Тоқтамыс хан мен Едіге бидің арасына от тастаумен болады. Екінші бір себеп Тоқта-

# Ер Едіге кім? Оның

ларды негізге алу бірбабан шындыққа жақын екендігі анық.

Десекте олардың арасында да әлі де нақты ажыратуды қажет ететін тұстары аз емес. Сонау ұлы көштің бастауының алдында түрік қағандығының өріс алып ұлы даланың түкпір-түкпіріне бытырай жайылып, олардың кейбірі басқа ұлыстарға телініп кеткендері белгілі.

Ұлы даланы мекен еткен көшпенділердің, тайпалардың қай-қайсында болмасын бәрі текті атауы болған.

Әсіресе Шыңғыс бөрілері кісі өлімінен сескеніп көрген емес. Бабасы Шыңғыстан өрбіген төрт ұлы мен олардан тараған бүкіл үрім пұтақтары «Ойынан шықпаған туған баласын да бауыздай алар хан әрқашанда абыройлы болады» деген бабасының өсиетің берік ұстап өтті. Шайбани тұқымынан шыққан Әбілхайыр ханның да қанды қолы сол өсиет өзінің түбіне жетіп тынды.

Тарихта хият руының батыры Есугейден туған Шыңғысханның шешісі де, өзінің әйелі де Қоныраттың (маңғут-ай) қызы болған. Өз әйелі Бертенден бес қыз, төрт ұл көрген. Шыңғыс ханның төрт ұлының да бәйбішесі де Қоныраттың қыздары болған деседі.

Жошы да өзінің заңды төрт қатынының үшеуі Қонырат руынан алған.

Үлкен бәйбішесі Жүке бегімнен үлкен баласы Орда, екінші әйелі Үкі бегімнен Бату туған. Бұлар да нағашы жұртынан бір-бір әйел алған. Осылай атадан әкеге, әкеден балаға ауысқан ғұрып бойынша Қонырат руына күйеу жұрт болып келеді. Сондықтан да Жошы ұлысында Қонырат бірінші болып тұрады.

Парсы тарихшысы Рашиден мен орыс ғалымы Н.Аристов Қоныраттарды ежелгі қият (қиян-қият) тайпасы деп есептейді. Бұлар ежелге Ергене хуытыңның тұрғындары, бұлар екі бірлестікке бөлінген «Алты ата көктің ұлы, алты ата көктің құсы» деп атаған дейді- Родлов.

Бату өзінің бір қызын (Маңғут-ай) Маңғут жігітіне береді. Одан Ноғай деген ұл туып, Бату өлгенде оның әскерін басқарады. Осы Ноғай қырық жылдай бүкіл Жошы тұқымына айтқаның істеді. Хан атын алмаған мен Ноғай ұлы би атанған. Дешті Қыпшақ жерінің батыс бөлігінде Ноғайлы хандығын құраған.

Енді Ер Едіге кім? Біз білетін үш тарихи тұлға Шашты Әзіз бар. Оның бірі Құмкентте болса, бірі Маңғыстауда, Ал үшінші мифті тұлға Барқал. Бұлардың бәрі мұсылмандықты уағыздаушылар. Жырдың бәрі осылай дейді.

Қазақта әуелі ер Едіге, онан соң әз Едіге, Едіге би және би Едіге болған. «Едігенің майлы жұрты» атанған уақтысы би Едігенің заманында болған, ол Аидабол Пәлі-Төлебай баласы Баянауылдан. Едіге би Қаз дауысты Қазыбектің бел баласының бірі, Бекболат-

тың туыс інісі, ал, әз Едіге кіші жүздің ұрпағы. Бұларды бір-бірімен шатастыруға болмайды. Мысалы Қарақалпақ нұсқасында Едіге Қарақалпақтағы Тұлым бидің тауып алған ұлының аты Рахымберді екен. Мұндай мысал Ноғайлы жерінде де кездеседі. Тарихи Едіге мен эпостағы Едіге екі бөлек. Эпостағы кейіпкер жиынтық бейне: (татар ғылымы И.Надилов)

Демек тарихи қайраткерлермен эпостық кейіпкерлердің арасына тепе-теңдік қойылуы әбестік. Ғылымның өз жолы, әдеби өнердің өз жолы бар. Ғылым нақтылайды, әдебиет дәріптейді. Ал ғылымдағы Ер Едіге Алтын Орданың билеушісі болған. Енді біз айтып отырған ер Едіге қай жерде туылған дегенге келер болсақ, ол Қаратаудың теріскей бетінде Жылы-бұлақта дүниеге келген. Бұған енді еш талас тудырудың қажеті жоқ. Едігенің осы жерде жатқандығы жөнінде басында айғақ та сы бар. Әкесі де шешесі де осы жерде жерленген. Әкесі (маңғут-ай) Құтылы Қия (Құтылық қаба) Ноғай және Шағай Орданың Қаратау өңірінің билеушісі болған. Ол замандарда Ноғай Ордасының бұл аймағында қалың қоныраттың бір атасы мангуттардың тұрағы Құмкент қалашығы болған. Едігенің қонырат, оның ішінде маңғут - ай әулетінен екені туралы талай рет басылымдарда жазылды. Ғалым О.Нұсқабаев. Лашын батырдан Тарихтағы (Тангут, Қангут, Маңғут-ай) бір кісінің аты.

Баба Түкті Шашты Әзіз бейігі Оңтүстік Қазақстан облысы Қаратаудың теріскей беті Созақ ауданы Құмкент кенті Жылыбұлақ жерінде жатыр, Едігенің ұрпақтары Алтын Орда тарағаннан кейін, Европаның жер жеріне тарап кеткен. Едігенің (1352-1419) ұрпақтарын таратып айтар болсақ ер балдары жирмаға тарта болған, біз білетін тарихта Нұралы, Нұрад-дин, Мәнсур, Наурыз мырза, Ғазиз шөбересі, Мұхсаньы бір баласы Мамай батыр, одан Орақ батыр, одан Қарасай, Қазы, одан Қарадан батыр, одан Жұбаншы батыр, одан Сүйінші батыр, одан Ертегіс батыр, одан Еркөгіс батыр, одан Тама батыр, одан Тана батыр, одан Нәрік батыр, арада тағы бар, одан Шора батыр, одан Мамбет би, одан Нысанбай Толынбет датқа, төрт атадан бері, билік басында болған біздер тараймыз. Өзінің басқа да бел балаларынан тараған үрім пұтақтары татар, башқұрт, орыс, басқада ұлыстарға сінісіп кеткен.

В.В Третьяков бірнеше орыс князьдері әулеттерінің түп аталары Едіге ұрпақтары дейді. Мысалы, Кутумовтар, Урусовтар, Юсуповтар әулеттері (32.649 б).

В.В.Бартольд, В.М.Жирмунский және тағы басқа бірнеше фольклортанушылар Едігенің шыққан тегі маңғут деген

парсы дерек көздеріне сүйенуі, Едігенің Алтын Орда билігінде жүрген кезде негізгі жауынгерлерінің қатарында өз туысы манғыттар да болған, олар Тоқтамыстың қатыгездігіне, Әмір Темірдің шектен тыс қанды балағынан қорқып Едігенің манайына топтасады. Ал тарихшы З.Жандарбек өзінің «Едігенің шыққан тегі мен тарихи ролі» туралы мақаласында Едігені қонырат десе, қазақ жазушысы Едіге. Мағауин Едігені қонырат жұртынан деп шешкен жөн деген. Ал, Едігенің бұл өңірден шыққанын Сыпыра жыраудың Едігені Тоқтамысқа таныстыруда айтқан жырында, М.Мағауин «Едіге батыр» жөніндегі зерттеу еңбегінде, Қ.Сәтбаевтің «Ер Едіге» нұсқасында қонырат деп атаса, әдебиет танушы Мәшһүр Жүсіптің зерттеуінде де қонырат деген сөзді қайталайды. Ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың 1841-1842 жылдары Жұмағұл, Арыстанбай ақындардан жазып алған қолжазбадан өрбітеді. Ол түпнұсқа шығыстанушы Н.И.Веселовский 1904 жылы бастырып шығарған «Шоқан Уәлиханов таңдамалы шығармалары» деген кітапта 233-264 беттерде толық берілген. Сонда да болса «Ер Едіге» туралы алғашқы деректер Шоқан Уәлиханов жазғаннан 300 жыл бұрын жазылғандығы жөнінде Әлкей Марғұлан «Оразмамбет кітапханасы» деген зерттеу мақаласында егжей-тегжей баяндап берді. Диваев, Нұртуған нұсқаларында да қайталанатын.

Қай кездеде ұлы тұлғалардың маңына аңызға бергісіз құпия жақтары мол болады. Алтын Орда сияқты ұлы мемлекеттің ыдырау тұсындағы алмағайып сәттерде ғұмыр сүрген Едігенің бір басында да мұндай жұмбақ жетерлік екені даусыз.

Оның алтын қазығы «Ер Едіге» жырының өзінде екенін байқағандаймыз.

Енді жырдағы төрелікке келейік.  
Күні кеше жапанда,  
Есіл ерді еңкейтіп,  
Екі шінн жауыр қып,  
Қамар бөлін ауыртып  
Ніл дарияның басында,  
Құмкент шәрі басында  
Баба Түкті Шашты Әзіз  
Мені сонда тауып ап,  
Едіге деп ат қойғанда  
«Едіге» атым құрысын...-дейді жырау Едігенің өз атынан сөйлепті.

Бұдан айқын көрініп тұрған нәрсе—Едігенің «Құмкент шәрінің қасында» дүниеге келгендігі.

Ноғайлы жырлары деген жалпы тақырыппен енген «Қырымның қырық батыры» эпостық жыр-дастан тізбегінің қай-қайсысы болмасын Баба Түкті Шашты Әзізді тілге тиек еткен.

Сондай-ақ, мейлі «Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Қобланды», «Алпамыс», «Ер Шора» сияқты батырлар жырлары болсын бәрі Құмкент шаһарының жанындағы «Жылыбұлаққа» жетіп жығылады

мыстың әйелі Құлқаныстың Едігеге көңіл білдіруінен дейді Нұртуған нұсқасында. Бұл Тоқтамыс пен Едігенің арасында сенімсіздік пен алауыздыққа апарды. Өзін өлтіретінін білген Едіге Самарқанд билеушісі Әмір-Темірге барады. Едіге де Әмір-Темірдің көмегімен Тоқтамыс ханға қарай жорық жасап жеңіске жетеді. Тек 1410-12 жылдардағы Алтын Ордада болған дүрбелең жылдары Едігені биліктен тайдырып, билік Тоқтамыс ханның балдарына тиді. Алайда оны ұстап тұра алмады.

Десек те Едігенің Алтын Орда мемлекетін қайта қалпына келтіру жолындағы еңбегін оның достары түгілі, дұшпандары да мойындады.

Алтын Орда халқы Едігенің ел бірлігі үшін күрескер ретінде небір жыр-дастандар, аңызға бергісіз хикаяттар тудырды.

Оразбек Нұсқабаев өз еңбегінде қазақ тарихшысы З.Жандарбектің Жошы ұрпақтары арасында тақ таласы Алтын Орда мемлекетін біржолата күйрететіндігін Едіге терең сезіне біліп, оның алдын-алу жолын қарастырып, билер Кеңесін құрған дейді.

Сөйтіп, далалық демократиялық билік негізінде басқару жолын енгізген.

Хан тағына үміткер Жошы ұрпақтары арасынан таңдау билер кеңесіне берді. Едігенің осы қабылдаған заңы одан кейінгі кезеңде Қыпшақ даласындағы билік реттеуші құралына айналды.

Ноғай ордасының тарихын зерттеуші В.В.Третьяков «Кімнің хан болатынын ноғай билері шешті»-деп жазды.

Атақты түменбасының күрес жолындағы мақсаты мен оның саяси жолындағы ұстанымы не еді. Міне осы тұрғыдан сөз етіп көрейікші.

2011 жылдың 25 қарашасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті Туркология ғылыми-зерттеу институты «Ер Едіге және Алтын Орда мемлекеті тұсындағы билер институтының маңыздылығы» атты ғылыми конференция өтті.

Алқалы жиынға түрік тектес барлық елдің ғалымдары яғни, Түркия, Өзбекстан, Түркіменстан, Башқұртстан, Қарақалпақстан, Татарстан, Армения, Азербайжан Республикаларынан және Қазақстанның бірқатар облыстарынан тарихшылар қатысты. Пленарлық мәжілісте жиырмаға жуық ғалымдар сөз сөйледі.

Осы жиында маған да мүмкіндік туды, Ер Едіге барлық түріктес халқына ортақ тұлға екенін айта келіп, оның қазақ руларының ішінде Қонырат екендігін және туған жері мен жерленген жері Қаратаудың теріскей бетінде Баба Түкті Шашты Әзіз пантионында мүрдесі жатқандығы айтылды.



## Акция өтуде

Бақылау-касса машинасының фискалды түбіртегін берілмегені туралы немесе төлем карталары бойынша төлемді қабылдаудан бас тарту туралы хабарлаған Қазақстан азаматтары арасында «Азаматтық бақылау – түбіртекті талап ет» акциясы өткізіле бастады. Мемлекеттік кірістер комитеті бақылау-касса машинасының фискалдык түбіртектерін бермеу не төлем карталары бойынша төлемді қабылдаудан бас тарту фактілерін анықтау үшін «Азаматтық бақылау-Түбіртекті талап ет» акциясын қайта бастады. Акцияға кез келген азамат қатыса алады. «Фискалдык түбіртекті бермеу немесе төлем карталары бойынша төлемді қабылдаудан бас тарту фактілері туралы App Store және Play market-тен «WIPON CASHBACK» тегін мобильді қосымшасын жүктеу арқылы хабарлауға және фискалдык түбіртекті бермеу фактісі расталған жағдайда телефон теңгеріміне сыйақы (жеке табыс салығы шегеріле отырып 1 000 теңге) алуға болады. Кәсіпкер туралы ақпаратты білу үшін (идентификациялау) салып алушы кассаның жанында орналасқан QR-кодты сканерлеуге болады»

## «e-Salyq Business» мобильді қосымшасы кәсіпкерлерге салық міндеттемесін орындауды жеңілдетеді

Мобильді қосымшаның функционалы жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге, салық режимін таңдауға және өзгертуге, түбіртектер беруге, кірістер тізілімін автоматы түрде қалыптастыруға, қосымшада есептелген салық міндеттемелерін төлеуге, оның ішінде қызметкерлер үшін, сондай-ақ, алдын-ала толтырылған оңайлатылған салық декларациясын ұсынуға және арнаулы мобильді қосымшаны пайдалана отырып арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық есептілігін тапсырмауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, қосымшада берешекті қарау және төлеу, мемлекеттік кірістер органдарынан хабарламалар алу, сондай-ақ, оңайлатылған тәртіпте жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату бойынша қызметтер қол жетімді. Қосымша «Play Market» және «App Gallery»-де қол жетімді.

**Созақ аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасы.**

15.04.2022 жылы Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті ғимаратында, салық мәдениетін қалыптастыру және тұтынушылар мүддесін қорғау мақсатында Түркістан облысы әкімдігі, Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы және Түркістан облысының кәсіпкерлер палатасы арасындағы ынтымақтастық және өзара іс-қимылдары туралы Меморандум аясында ұйымдастырылған іс-шара қорытындысымен салтанатты жиын өткізілді.

## Салық мәдениетін арттыру

Іс-шараның негізгі мақсаты - көлеңкелі экономика үлесін кеміту, салық төлеушілердің заң аясында жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау, салық төлеушілердің «e-Salyq Azamat» және «e-Salyq Business» мобилдік қосымшалары мен @SalyqBot чатты қолдану, заңдылыққа сай онлайн бақылау кассалық машинасы мен үш компонентті интеграцияланған жүйені қолданумен, салық мәдениетін қалыптастыру және тұтынушылар мүддесін қорғау, салықтар мен мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да түсімдердің сомасын көбейту. Осы мақсатта, арнайы облыс әкімінің деңгейінде мектеп оқу орындары, салық агенттері мен еріктілер (волонтер) арасында салық ұғымын қалыптастыру мақсатында «Салық сағаты» тақырыбына шығарма жазу конкурсы өткізілді.

Салтанатты жиынға Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәбитов Арман Сәбитұлы, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының атқарушы хатшысы Жантөреева Халима Жантөреқызы, «АТАМЕКЕН» ҰҚП Түркістан облысының кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Амирова Зухра Түлебайқызы, Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Нұрмолдин Дулат Нұрахметұлы, сонымен қатар, Түркістан облысының ұстаздары мен оқушылары, салық агенттері мен еріктілер (волонтер), БАҚ өкілдері және Түркістан облысының мемлекеттік кірістер органының қызметкерлері қатысты.

Салтанатты жиынды Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Нұрмолдин Дулат Нұрахметұлы ашып, өз сөзінде, іс-шараны ұйымдастырушыларға және қатысушыларға алғысын білдіре отырып, осындай іс-шара бастамасында жетістіктерге жетуді тіледі.

**Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.**

## МАЛ ҰРЛЫҒЫ ҮШІН ЖАЗА ҚАТАҢ!!!

«Малым-жанымның, жаным –арымның садақасы» деп отырған ауылдағы ағайынның берекесін қашырып, жылқысын үйірімен жымқыратын осы ұрылар. Әрине, біз айла-тәсілдерін біле бермеспіз. Дегенмен, бұл мақала мал баққан елдің сабырын қашырып, күмәнін сөйілтпесе де, сақтыққа шақырады деген ойдамыз.

Әрине халқымыз үшін күн көріс көзі болып табылатын, адал еңбегі, маңдай терімен жинаған малының орны ерекше. Дегенмен біреудің адал еңбегімен жинаған малына көз салып, оңай олжаға кенелгісі келетіндер де жоқ емес. Мал ұрлығының күннен күнге өршіп, тиылмай тұрғаны бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі десек қателеспейміз.

Осыған орай азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, олардың меншік құқығының қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына жазған Жолдауында мал ұрлығы үшін жазаны қатаңдату қажет екенін атап өткен болатын.

Осы негізде 2019 жылдың 27 желтоқсанында Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды. Аталған Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне 188-1 «мал ұрлығы» деген арнайы бап енгізілді.

Қазір мал ұрлау - кәсіпке айналған. Оны көбіне топ болып, алдын ала сөз байлауға қарамай кіріп, жымқырады.

Қылмыстық кодексте адамдар тобы болып, алдын ала сөз байлау арқылы ірі көлемде қылмыс жасаса - 7 жылға дейін, бірнеше рет немесе мал қораға, қоймаға заңсыз кіру арқылы жасаса -

10 жыл, аса ірі көлемде және қылмыстық топ болып жасаса 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Айтап айтсақ, мал ұрлығын алдын ала сөз байлау арқылы адамдар тобымен немесе ірі мөлшерде жасау, бірнеше рет немесе тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасау, қылмыстық топпен немесе аса ірі мөлшерде жасау әрекеттері ауыр қылмыстар санатына енгізілген.

Бұл дегеніміз осы әрекеттер арқылы мал ұрлығы жасалса, ҚК-нің 68-бабы қолданылмайды, яғни құқық бұзушы жәбірленушімен татуласып, келтірілген шығынның орнын толтырған жағдайдың өзінде қылмыстық жауапкершіліктен босатуға жатпайды.

Мал ұрлығы үшін жазаны қатаңдатылғанына, ол жайлы ақпарат құралдарында жарыса жазып, түсіндірме жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан мал ұрлығы азаяр емес.

Қылмыстық Кодекске мал ұрлығы бойынша жауаптылық көзделген жаңа бап енгізілгені бері Созақ аудандық сотында аталған ҚК-нің 188-1 бабымен 2021 жылы –5 адамға қатысты 3 қылмыстық іс, 2022 жылы 2 адамға қатысты 1 қылмыстық іс қаралған. Және сотталғандардың барлығына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Қорыта келе, Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен мал ұрлығын жасаған адамдарға қатысты жазаны қатаңдату, аталған санаттағы қылмыстардың санының азайып, атакәсіппен айналысатын ауыл тұрғындарының одан әрі шаруасын дөңгелетіп, меншік құқығының қорғалуына заңмен кепілдік беретінінің айғағы деп есептейміз.

**А.ДӘУРЕНБЕКОВ,  
Созақ аудандық сотының төрағасы.**

## Жер учаскесін алу үшін egov.kz арқылы кезекке тұруға болады

Бұған дейін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жеке тұрғын үй құрылысы (ЖТҚ) үшін жер учаскелерін алуға кезекте тұрғандардың бірыңғай тізілімін әзірлеуді тапсырған болатын. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ҚР Ауылшаруашылығы министрлігімен бірлесіп, ЖТҚ-ға жер учаскесін алуға кезекке қою процесін автоматтандыру мәселесін пысықтады, ал әкімдіктер «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» жаңа ақпараттық жүйесінің Жария кадастр картасына жүктеу үшін бұдан бұрын кезекте тұрғандар туралы жиналған ақпаратты ұсынды.

Бұған дейін ЖТҚ үшін жер учаскесін алу кезегіне тұру үшін қазақстандықтар әкімдіктерге қағаз жүзінде өтініш тапсыратын, онда кезек ретінің дұрыс жүргізілмеу қаупі болатын. Ол кезде кезекке тұру процесі 12 күн уақыт алатын. Бұл өтініштер 16 жыл бойы аудан, қала, облыс деңгейінде бөлек-бөлек сақталды.

Жаңа жүйенің арқасында қазақстандықтар кезекке тұрып, egov.kz-те оның жылжу барысын өз бетінше бақылап, жер кезегіне бұдан бұрын берілген

өтініштің деректерін өзектендіре алады. Осылайша, әрбір қазақстандық алуы тиіс 10 сотық жерді алу процесі барынша ашық болады. Ал автоматизация арқасында бұл процеске 5 минут қана жұмсалады.

«Әкімдіктер берген тізімді біз цифрландырып, электронды форматқа ауыстырдық. Жер теліміне кезекті Цифрландыру – сыбайлас жемқорлықты жою және жерді игеру үдерісінде жасалған үлкен ілгері қадам. Енді көмелет жасына толған әрбір қазақстандық үйден шықпай-ақ, 10 сотық жерге egov.kz арқылы өтінім бере алады. Тағы бір жаңашылдық – енді таңдаған аймақтың әкімдігіне бармай-ақ, еліміздің кез келген өңірінен жер теліміне өтінім беруге болады», – деп түсіндірді ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Әсет Тұрысов.

Қызметті пайдалану үшін egov.kz порталына кіріп, «Жылжымайтын мүлік» – «Жер қатынастары» бөлімінен «Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін (10 сотық жер) алуға кезекті қарау немесе кезекке тұру» қызметін таңдау керек.

Әрі қарай өтініш түрін таңдау керек.

Бүгінде порталда өтініштің үш түрі бар: Кезекке қою; Деректерді өзектендіру; Кезектен шығару.

Егер сіз жер учаскесін алу үшін кезекке алғаш реет өтініш білдіріп тұрсаңыз, онда өзіңіз жер алушы қалайтын аймақты таңдайсыз.

Егер сіз бұдан бұрын жер кезегіне тұрған болсаңыз, бірақ ол туралы ақпарат таппасаңыз, онда «Өзектендіру» өтініш түрін таңдауыңыз қажет.

Кезек алғаныңызды растау үшін қолыңызда бар құжатты (талонның скан-нұсқасы, өтініштің, жеке куәліктің және т.б. көшірмелері) жүктеу қажет. Сондай-ақ кезек ретін www.mar.gov.kz/egov/ сайтында ЭЦҚ арқылы авторизациядан өтіп, бақылап отыруға болады.

Бұдан бұрын алған жер кезегінен бас тарту үшін «Шығару» өтініш түрін таңдау қажет.

Егер азамат бұдан бұрын мемлекеттен тегін жер телімін алған болса немесе елді мекенде ЖТҚ үшін бос жер телімі болмаса, жер кезегіне өтініш бере алмайды. Бос учаскелерді беру жөніндегі шешімді әкімдіктер қабылдай-

ды. Учаскелер алаңдардың дайын болуына қарай немесе елді мекеннің бас жоспарына сәйкес, бос аумақтар болған жағдайда берілетін болады.

Егер бұрын бір өңірде жер теліміне кезекке тұрған болсаңыз, ал қазір өзге аймақтан жер алуға ниеттенсеңіз, 10 сотыққа кезек реті ертерек келген өңірден жер бір реет қана берілетінін, қалған өтініштердің күші жойылатынын ескеру қажет.

Естеріңізге сала кетейік, бұрын қазақстандықтар ЖТҚ үшін жеручаскесін алу кезегіне тұру үшін жергілікті атқарушы органдарға, яғни әкімдіктерге жүгінетін. Олар тек өз аймағының жерлерін таңдай алатын. Кезекте тұрғандардың тізімі де тек әкімдіктерде сақталатын.

ҚР Жер кодексінің 50-бабына сәйкес, Қазақстанның әрбір азаматы жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін (10 сотық жер) тегін алуға құқылы.

**Амантай ЕГЕМБЕРДИЕВ,  
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Түркістан облысы бойынша филиалының ресми өкілі.**

# Жемқорлыққа қарсы күрес- әр азаматтың міндеті

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыру қажеттігін және «тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» жоюға айрықша назар аудару керектігін атап өтті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеуіміз керек.

**Б.АЯПОВ,**  
*Созақ ауылдық округінің әкімі,  
Созақ ауданы қоғамдық кеңесінің мүшесі.*

## Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қол-

дану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

**Н.АБДРАХМАНОВА,**  
*Созақ аудандық халыққа  
қызмет көрсету  
бөлімінің маманы.*

### Жұмақ болсын, соңғы тұрақ мекенің...



Аққолтық ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Белхожаев Ермекбай Әбденұлының** дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.  
*Кім бар дейсің, бұл жалғаннан өтпеген,  
Нұр жүзің ойымыздан кетпеген.  
Жетпіс жасқа енді келген аташым,  
Біраз ғұмыр аздау болды әйтпеген...*  
*Естіе тұр еой жүрген-тұрған, күлгенің,  
Бір адамдай тоқығаның білгенің.*

Ең болмаса, көрінер деп түсімде,  
Түні бойы ойланып көз ілмедім.

Дұға етуде ұрпақтарың, туганың,  
Бірге айтқан жырлары мен сырларың.

Нұры шалқып пейіштің дәл түбінде,  
Қабыл етсін қырық күндік Құраным! – деп, асыл әкеміз Ермекбай Әбденұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 2 мамыр күні (1 мамыр – қонақ асы) Аққолтық ауылындағы өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: Белхожаевтар әулеті.

### Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы

Бабата ауылының тұрғыны, асыл ана, жаны жайсаң жан **Асембекқызы Айзада** анамыздың дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

*Түс көргендей жүрміз біздер анашым,  
«Жоқ» дегенге сенбай қойды санам шын.*

*Ұл-қызыңа қадірлі едің ардақты,  
Жан анамыз құрметті де салмақты.*

Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы,- деп, асыл анамыз Айзада Асембекқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 2 мамыр күні (1 мамыр – қонақ асы) Бабата ауылындағы өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары,  
келіндері, күйеубалалары.

Конго-Қырым геморрагиялық қазбасы (КҚГҚ)–табиғи ошақтық аса қауіпті жұқпалы ауру. Аурудың негізгі табиғаттағы резервуары мен оның көзі, иксод кенелері болып табылады. Вирустың уақытша резервуары жануарлар. Аудан аумағы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының табиғи ошағы болып саналады. Ауруды жұқтыру қауіпі ауру тасмалдаушы иксод

ханада стационарлы түрде арнайы ем қабылдауымен тікелей байланысты.

Тұрғындарға берілетін кеңес: -аурудың табиғатқа шыққанда, мал бағу, сою, малды сауу, мал қырқымы, бақша егу, отын-шөп дайындау жағдайларында кене шағу, жабысу, кененің қанымен тікелей қатынаста болу арқылы жұғатындығын ескеру;

медициналық мекемеге қаралып, тиісті медициналық көмек алуы тиіс. 14 күн бойы амбулаторлы түрде дәрігердің бақылауында болып, аурудың белгілері (әлсіздік, дене қызуы, бұлшық еттердің ауруы) байқалған уақытта міндетті түрде дереу дәрігерге қаралу; -мал басын кенеге қарсы өңдеуден өткізу, кенелердің

## Конго-Қырым Гемморогиялық қызбасынан сақтаныңыз!

кенелерінің көбейуіне тікелей байланысты. Олардың белсенділігі көктемгі - жазғы маусымда (сәуір-қыркүйек) арта түседі. Кенелер негізінен далалық жерлерде, бұталы өсімдіктердің басында, мал жайылымдарында, мал қораларда кездеседі. Ауру иксод кенелерінің шағуы арқылы трансмиссивті жолмен, кенені жалаң қолмен жұлғанда, қой қырқымы кезінде кенелерді абайсызда қиып жіберу, езіп тастау немесе кененің қаны арқылы терінің зақымдалған бөліктерінен, адамнан адамға КҚГҚ-мен ауырған науқастың қаны арқылы, медициналық көмек көрсету, науқас күтімі кезінде, зертханаларда еңбек қауіпсіздігі ережелері сақталмаған жағдайда ауа тамшылары арқылы жұғуы мүмкін. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының жасырын кезеңі 2-14 күн аралығында, орта есеппен 4-6 күнді құрайды. Науқастың аурудан жазылуы дәрігерге дер кезінде қаралып, ауру-

-далалық жұмыстарда, мал шаруашылығында, саяжайда демалғанда кенеден сақтану үшін жабық, жеңі ұзын киім киіп, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салып, дененің ашық жерлерін толық жабу. Әрбір сағат сайын денеде кененің бар-жоқтығын қарап, тексеріп отыру;

-далалық аймақтарға шыққанда кенені жуытпайтын үркіткіш заттарды (репелент) қолдану; -мал жүнін қырқу, мал сою кезеңінде қауіпсіздік шараларын сақтап, қолға резеңке қолғап кию;

-кене шаққан жағдайда кенені жалаң қолмен ұстамау керек, оны қысқашпен қатты қыспай (кенені езіп алмас үшін), абайлап, ұқыпты (теңселтпей, жұлқыламай) тартып алып, орнын 5 проценттік йодтың спирттегі ерітіндісімен немесе 70 проценттік спиртпен сұрту қажет. Кене шаққан адам тез арада міндетті түрде

жұмыртқалайтын орындары мал қораларын қидан, көңнен тазалау, қатты тұрмыстық құлақоқыстарды арнайы полигондарға шығару қажет.

-аурудың алдын-алу үшін табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора-жайлар мен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру. Жыл сайын көктемде күзде кенеге қарсы қаржы бөлініп, залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Кене шаққанда немесе кенемен жанақта болу арқылы аса қауіпті инфекцияны жұқтыру мүмкін болғандықтан, өзіңізді және өз жанұяңызды қорғау үшін міндетті түрде жеке басты қорғау, сақтану құралдарын пайдаланыңыз. ӨЗІҢІЗДІ КЕНЕДЕН САҚТАҢЫЗ!

**Е.ҚАНЫБЕКОВ,**  
*Аудандық орталық ауруханасының  
инфекционист дәрігері.*

## Безгек ауруынан сақтаныңыз!

Безгек (Malaria - безгек) — бұл инфекциялық паразитарлық қан ауруы, ол адамды қалтыратып, аласұрғызады. Бұл безгекпен ауыратын адамның қанынан безгек паразиттерін сорып алатын шыбын-шіркейлер, маса-соналар арқылы тарайды және олар басқа адамды шағып, оның қанына безгек инфекциясын түсіреді, бірнеше мәрте қайталатын ауру түрі.

Көбінесе безгек масаның шағуынан жұғады. Безгек басқа паразит түрлеріне қарағанда ауырлау, тіпті соңы өлімге әкеледі. Бұл қанды қызыл жасуша ішінде тез тарайды. Жаппай 42-72 сағат аралығында шығады. Кейін адам 4-10 сағатқа жуық тітіркеніп, қызуы 40,6-ға дейін көтеріледі. Және басы қатты ауырады. Безгекпен күресудің бірден бір жолы осыны таратушы масаларды жою.

Клиникасы  
Безгек ұстамасы әдетте 3 сатыдан тұрады: Безгек қалтыраудан басталады және бас жиі ауырады. Науқас 15 минуттан 1 сағатқа дейін қалтырады.

Қалтырау ыстықтың көтерілуіне жалғасып, ол 40-қа дейін және одан да жоғары көтеріледі. Адам әлсірейді, терісі қызарады, сандырақтайды. Ыстық бірнеше сағат немесе күн бойы сақталады.

Әдетте адамда безгек кезінде әр 2—3 күн

сайын қызу болады (безгектің түріне қарай), ал ұстама басталатын кезінде қызу күн сайын қайталайды. Ыстықтың түсуі мен кетерілуі оқтын-оқтын өзгеріп тұрады. Сондықтан себепсіз ыстығы көтерілген әрбір адам қанын безгекке тексерту керек.

Созылмалы безгек көбіне талақтың үлкеюі мен қанның азаюына себепші болады.

Жас балаларда беттің бозаруы мен қанның азаюы бір-екі күннен кейін басталады. Бұл жағдай безгек миды зақымдаған кезде болады (церебральды безгек), қызба ұстамасы естен тану ұстамасына жалғасады. Науқастың қолы көгіс тартады, демалысы жиілеп, тереңдейді. (Ескерту: Емшек сүтін ембеген балалар безгекпен тым жиі ауырады).

Өзіңізді шыбын-шіркей, масадан аулақ ұстаңыз. Олар жоқ жерге немесе масаханада ұйықтаңыз. Баланың бесігін маса кірмеу үшін жұқа матамен жауып қояу керек.

Безгектен сезіктенсеңіз жедел емдеуге кірісіңіз. Сіз емделіп, сауыққаннан кейін сізді шаққан шіркей басқаға ауруды таратпайды.

Осы ауруды емдейтін органдармен, олардың өкілдері сіздің ауылыңызға келген кезде, ынтымақтасып жұмыс істеңіз. Егер сіздің отбасы мүшелерінің бірінің ыстығы көтерілсе, оларға құлақ алып, хабарлап, айтыңыз және олардың қан алып, анализ жасауына мүмкіндік жасаңыз.

**А.КУЛМЕНОВ,**  
*ҚР ДСМ СЗБК «ҰСО» ШЖҚ РМК ТОФ  
Созақ аудандық бөлімше басшысы.  
Ж.БАКЕНОВА,  
Зертханашы.*

## Төменгі жеткіліктілік шегі бойынша 2021 жылдың зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға тек 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін аударуға болады

Салымшының зейнетақы жинақтары келесі жағдайларда ИПБ басқаруына берілуі мүмкін:

- салымшының БЖЗҚ-дағы нақты зейнетақы жинақтары мен зейнетақы жинақтарының ең аз жеткіліктілік шегі арасындағы айырмадан аспаған мөлшерде;
- өмір бойғы төлемдерді көздейтін сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалған жағдайда, салымшының БЖЗҚ-дағы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығынан аспайтын мөлшерде.

Естеріңізге сала кетейік,

ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап 2022 жылға есептелген зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі (ТЖШ) күшіне енеді. Бұған дейін Президент Қасымжолдас Тоқаевтың тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №875 қаулысымен 2021 жылға есептелген ТЖШ қолдану мерзімі 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартылды.

Осылайша, 2022 жылға арналған ТЖШ 2022 жылдың 1 сәуірінен бастап күшіне енетіндіктен, зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға 2021 жылға есептелген

ТЖШ шамаларына сәйкес өтініштер бойынша 2022 жылғы 31 наурызды қоса алғанда аударуға болады. ТЖШ мөлшері туралы ақпарат БЖЗҚ сайтында келесі сілтемеде жарияланған.

Зейнетақы жинақтарын бір немесе бірнеше ИПБ аудару үшін салымшы БЖЗҚ-ға өтінішпен жүгінуі қажет. Өтініш eprf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы берілуі мүмкін немесе БЖЗҚ-ның кез келген өңірлік бөлімшесіне салымшы өзі келуі тиіс.

*«Созақ үні»-ақпарат.*

Спортқа деген қызығушылығы оны әрқашан алға қарай жетелеп, қызықтырып, биік белестерге шақырып, арманына қанат бітіріп, жетелеп отырды. Білісбай өзі қалаған салаға бірден табан тіреген жоқ. Әуелі аудан орталығындағы Б.Алтынсарин атындағы орта мектепті тәмамдағаннан кейін аудандық санэпидстанция мекемесінде тазалық секторы болып еңбек жолын бастады. Аталған мекеме сол кездері аудандық медицина бірлестігінің қарамағында болатын. Жас маманның спортқа бейімділігін байқаған мекеме басшылары оған қоғамдық негізде спорт секторы болуды тапсырды. Бұрыннан осы салаға бейімі бар Б.Мұстафахлы мекемедегі спорт саласының гүлденуіне белсене кіріседі. Бірінші кезекте ол қыздар мен жігіттер арасында волейболдан жасақталған команда жұлделі бірінші орынды жеңіп алса, жалынды жігіттер тобы жоғары ойын өрнегін



дақылдарын, жеміс ағаштарын отырғызып, оларға мұқият қарап, нәтижелі еңбегінің жемісін көріп келеді.

Жақсы істердің жанашыры болып жүрген қария жастарға өзінің өмірден көрген, көңілге түйген тәрбиелік мәні бар әңгімелерін жиі айтады. Көбінесе жас ұрпақтың бойына адальдықты, шыншылдықты, еңбекқорлықты, ізеттілікті сіңіруге күш жұмсайды. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп дана Абай айтқандай өнегелі ұстаз бар жақсы қасиеттерін жас жеткіншектерге ғибрат ретінде ұсынудан жалығып көрген емес. Басты мақсат-жастарды туған жердің патриотты болуға тәрбиелеу, адал еңбекке баулу, шыншылдыққа, ізеттілікке, адамгершілікке, отаншыл болуға шақыру-алдыңғы буынның ізгілікті ісі деп пайымдайды.

Білісбай Орын ұстаздық қызметі жолында жастарды спорттың бар-

## Өміріне спортты серік еткен

танытып, үшінші орынды иеленіп, ауданның мерейін асқақтатты. Шашасына шаң жуытпаған сол жеңімпаз командалар облыстық жарыста өнер көрсетіп, өзге командалардан едәуір мықты екендігін дәлелдеп, басқалардан басым түсіп, бірінші орынды иеленіп, мерей биігінен көрінеді. Осы сәттен бастап Білісбайдың еңбегі спорт мамандарының назарына ілігіп, спорт саласына нағыз керекті маман екендігін байқатады. Ол жетекшілік еткен волейбол командасы облыстық жарыста топты жасырып, талай мәрте жұлделі орындарды иеленіп қайтып жүрді. Өзі жаттықтырушылық жасаған командадағы спорттың осы түрінен ерінбей-жалықпай ойын тәсілдерін үйретті. Әрине командалардың әрбір ойыншысының тілін тауып, көңіл-күйлерін табу оңай шаруа емес еді. Талай күнгі жаттығудың, аянбай тер төгудің арқасында команда ойыншыларын жеңіске жеткізіп отырды.

Осында еңбек ете жүріп Білісбай талай жастарды спортқа баулып, осы салаға қызығушылығын арттырды.

Өнерге, әдебиетке, ақпарат әлеміне жақын жүретін Білісбай сол кездегі аудандық радио комитетіне қызметке ауысады. Бұл жерде шығармашылықпен еңбек ете жүріп тыңдармандарын мәнді де мазмұнды хабарламалармен тәтті етеді. Әсіресе спорт тақырыбына көптеп ден қояды. Мақсат-жастарды спортты сүйеге шақырып, насихаттау болатын-ды. Нәтижесінде ол ауданда осы саланың дамуына сүбелі үлес қосады. Оның адам денсаулығына тигізер пайдасын кеңінен түсіндіреді. Қай салады қызмет етсе де ол спортты өзіне серік етті.

Білісбайдың ойынан мектепке барып жас жеткіншектерді спортқа баулысам деген ниет шықпай қойды. Содан спорт комитетіндегі қызметін аудан орталығындағы Крупская атындағы мектебіне ауыстырады. Білім ордасында талай шәкірттердің талабын ұштап, спортқа қызықтырады. Оларды аудандық, облыстық жарыстарға қатыстырып, биік белестерді бағындыруына ықпал жасайды. Бойында спортқа деген ықыласы бар жеткіншектердің талантын ашып, талабын шыңдайды. Олардың жүрегіне спортқа деген қызығу-

шылық сезімін ұялатады.

Кейін Білісбай Калинин атындағы орта мектепте ұстаздық қызметін жалғастырады. Аталған білім шаңырағында кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметін қоса атқарады. Мұнда да талай жас жеткіншекті волейболдан, баскетболдан ойынға машықтандырып, үйретіп, жаттықтырып талай мәрте дүбірлі жарыстарға қатыстырып, бақтарын сынады. Талай күнгі тер төгудің, дайындалудың нәтижесінде олар айтулы жарыстарда топ жарып жүрді. Әуелі аудандық жарыстарда үздік ойын үлгісін танытқан ойыншылар облыстық турнирлерде жұлделі орындардан көрініп, мерейлері үстем болды. Нәтижесінде Алғыс хаттар, Грамоталар алып, командаластары арасында мерейлері тасыды.

Тәжірибелі ұстаз әрдайым шәкірттерінің жетістігіне қуанып, олардың үміттерін үкілеп отырды. Талай жыл бойына еткен еңбегінің, төккен терінің арқасында ауданның 60 жылдық мерекесіне арналған кітапқа есімі еніп, оның еңбегі құрметпен аталды.

Білісбай Мұстафахлы-спорт десе ішер асын жерге қоятын азамат. Өзі баулып, тәрбиелеп жүрген шәкірттеріне спорттың мәні мен мағынасын жан-жақты түсіндіріп, насихаттап, спортқа қызығушылығын арттырып, өкшелес інілерінің құрметі мен қошеметіне бөленіп жүр. Талай шәкірттері қазіргі таңда ұстаздарының ізін жалғастырып келеді.

Білікті ұстаз «Шолақорған» жалпы орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарды.

Еңбек ете жүріп ол Қазақстан инженерлік педагогикалық халықтар достығы университетінің дене шынықтыру және спорт факультетін бітірді. Білім мен еңбекті қатар алып келген Б.Орын көп жылдар білім саласында еңбек етіп, жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісімен айналысты. Бойындағы білім нәрін шәкірттерінің бойына сіңірді. Жақсы қасиеттерді үйретуден жалықпайды. Талай спорт саңлақтарын тәрбиелеп, қанаттандырды. Шәкірттері қашан да болмасын ұстаздарын мақтан тұтады. Сәлем беріп, Білекеңмен жиі хабарласып тұрады.

Спорт саласының білгір маманы өзінің іс-тәжірибесін жастарға үйретуден жалыққан емес. Әрдайым

ағалық ақылын айтып, оларға жөн-жобасын көрсетіп отырды. Жас ұрпақты туған жерді сүйеге, оларға патриоттық тәрбие негізін дарытуда көп көңіл бөліп, оны үнемі назарда ұстайды. Ауданда өтетін спорттық шаралардың басы-қасында ол спорт жанкүйері ретінде жүреді. Намысты қолдан бермеу-жігерлілікке, табандылыққа баулыды дейді ол мағыналы әңгіме арасында. Білекең өзі ұстаздық еткен жылдары шәкірттеріне саналы тәрбие, салалы білім беру жолында аянбай тер төкті. Әсіресе жас өскіндердің бос уақыттарын спортпен айналысуына, тиімді өткізуіне көп көңіл бөлетін-ді. Спортты серік еткен жастарға әрдайым қамқорлық көрсетіп, ақыл-кеңесін айтып отырудан жалықпайды. Болашақ ұрпақтың дені сау, шымыр да, шыныққан болып өсуі қоғамның назарында болуы керек екендігін үнемі еске алып отырады. Сондықтан олармен нәтижелі жұмыстар жүргізіп, оған мән берген абзал дейді. Білім саласында өзіндік ізі бар Білісбай Мұстафахлы еткен еңбегінің жемісін көріп, құрмет пен абыройға бөленді.

Атап айтқанда 2001 жылы Қазақстан Республикасы туризм және спорт жөніндегі комитетінің Қазақстан Республикасының дене тәрбиесі және спортқа еңбегі сіңген қызметкер төс белгісін өңіріне қадады. «Шолақорған» жалпы орта мектебінде ұстаздық етіп жүрген кезінде аға мұғалім атағына қол жеткізді.

Өмірлік серігі Несібелі Өтеулиева екеуі ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, оларды қанаттандырып, отбасында жан-жағына шығарып бөленіп, бақытты ғұмыр кешіп келеді. Өмірден көргені мен түйгені мол азаматтың ағайын-туысы арасында, сондай-ақ ауылдастары мен көршілері ортасында да қадірі мен қасиеті мол. Көршілерін көктемгі көгалдандыру-көркейтү жұмыстарына жұмылдырып, ізгілікті істерге бастамашыл болуды дәстүрге айналдырған. Әр сенбі күндері ауданда атқарылып жатқан жақсы бастамалы шаруаларға ұйытқы болып, көршілерге үлгі-өнеге көрсетіп жүр. «Атадан-мал қалғанша, тал қалсын» дегендей ауласынан бөлек үйінің көше жақ бетіне жас тал көшеттерін отырғызып, оларды мәпелеп, күтіп-баптап жүрген сәтінде жиі кездестіремін. Сонымен қатар, Білісбай аға үйіргелік жеріне де бау-бақша

лық түріне дайындап, оларды үлкен жарыстарға қатыстырып, бақтарын сынады. Соның ішінде күрес өнеріне дайындаған шәкірттері ұстаздарының сенімін ақтай білді.

Білісбай ағамыздың әкесі Мұстафа Ұлы Отан соғысының ардагері болатын. Қанды шайқас кезінде талай мәрте ерлік үлгілерімен танылған жауынгер еді.

Ал Білісбай болса білім саласының майталманы. Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде әріптестеріне үлгі болып, олардың құрметіне бөленді. Шәкірттері спорт саласында биік белестерді бағындырып, ұстаздарының мерейін асқақтатты.

Білекеңнің анасы Патима ұзақ жылдар бойы медицина саласында жемісті еңбек етті. Есепшілік қызметте білікті де білімді маман болды. Өзіне ізбасар шәкірттер тәрбиеледі.

Осындай өнегелі жанға өскен Білісбай да ата-анасының ізін жалғастырып өз саласы бойынша жас жеткіншектерді тәрбиелеп, ел азаматтарын тәрбиелеуге сүбелі үлес қосты. Ұстаздық жолда өзіндік із қалдырды.

Жүрегі мейірімге толы азамат қандай ортада жүрсе де өзінің жұмсақ мінезімен, тындырымды ісімен көпшіліктің көңілінен шыға білді.

Несібелі жеңгеміз екеуі өсірген ұл-қызының ортасында ғибартты ғұмыр кешіп, ағайын-туыстың, ауылдастарының құрметіне бөленіп келеді.

Ізгілікті қасиеттерін маңайындағыларға күннің нұрындай төгіп, шуақты пейілдерін ұл-қызына өнегелі істерімен дарытуда.

Жасыл желекті, гүлмен көмкерілген ауласында немерелері ойын қызығына бөленіп, атасы мен әжесіне қылықты да қызықты тәтті шырай танытып, құлдыраң қағып жүр.

Біліктілігімен, іскерлігімен баршаға танымал болған азаматтың өнегелі өмір соқпақтары кейінгі буынға үлгі боларлықтай десек артық айтқандық болмас еді.

Қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен ел құрметіне бөленіп жүрген Білісбай Мұстафахлы жетпіс бес жастың биігіне көтеріліп, мерей жастың шуағына бөленіп отыр.

Ұлағатты ұстаз, білікті спорт саласының майталманына денсаулық, отбасына амандық тілейміз.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан  
БАҚЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек  
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Теріші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.